

Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім  
министрлігі Ғылым комитеті  
төрағасының 2023 жылғы «25»  
сәуірдегі №12-III бұйрығына  
2-қосымша



**«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы»  
акционерлік қоғамының Тәуелсіз директорларын конкурстық іріктеу  
қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының Тәуелсіз директорларын конкурстық іріктеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген Тәуелсіз директорларды Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – ДК) құрамына сайлау рәсімі кезінде Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексіне сәйкес ашықтықты қамтамасыз ету үшін әзірленді.

**2-тарау. Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлығына кандидатқа  
қойылатын талаптар**

2. «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) ДК тәуелсіз директорлары лауазымына конкурстық іріктеу осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін кандидаттарды іздеу мақсатында жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде:

1) ұйымның тиісті бейінінде экономикалық қызмет түріндегі мамандық бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы немесе лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда, оның ішінде жеке секторда, қаржылық есептілікті дайындау, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында, компанияларда жұмыс өтілінің, ғылым саласында немесе ұйымның тиісті саласындағы мамандық бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық салаларында жұмыс тәжірибесінің, және басшы лауазымдарда кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде кемінде 1 жыл жұмыс тәжірибесі;

3) кандидаттың Қоғам қызметіне тән түйінді мәселелер бойынша құзыреттерінің болуы;

4) білімі:

- Қазақстан Республикасының Қоғам қызметі саласын реттеу бөлігіндегі заңнамасы;

- сыртқы орта, ұлттық және халықаралық нарықтардағы бәсекелестік орта;

- Қоғамның Директорлар кеңесінің тиісті комитетіне мүше болған кезде сараптамалық пікірді қамтамасыз ету үшін бизнес-жоспарлау, ішкі бақылау және аудит, стратегия, адам ресурстарын басқару саласындағы негіздер мен ерекшеліктер;

5) тәуелсіз директордың функционалдық міндеттеріне, Директорлар кеңесі комитеттеріне мүшелікке байланысты белгілі бір салаларда арнайы дағдыларға, жеткілікті дамыған коммуникативтік дағдыларға ие болуы, жұмыста ашықтық, объективтілік, конструктивтілік және кәсібилік қағидаттарына негізделуі;

6) кандидаттың іскерлік және / немесе салалық ортада мінсіз беделінің болуы, жоғары этикалық нормалардың сақталуы. Кандидаттың өмірбаянында Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы, коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар, кәсіпкерлік қызметтегі құқық бұзушылықтар және/немесе әдеп нормалары мен тәртібін бұзуға әкеп соққан әрекеттер, сондай-ақ теріс әрекеттер бойынша алдыңғы жұмыс орындарынан жұмыстан босату фактілерінің болмауы;

7) кандидат талдамалық және коммуникативтік дағдыларға, командалық өзара іс-қимыл, сендіру және ықпал ету дағдыларына, заңдылық, әділеттілік және барлық мүдделі тараптарға тең көзқарас қағидаттары негізінде мәселе бойынша позицияны әзірлеу қабілетіне ие болуы, көпшілік пікірінен өзгеше болса да, өз пікірін білдіруі, өзінің мамандануы немесе тәжірибесі шеңберімен шектелмей, жағдайды объективті бағалауы;

8) кандидаттың басқа компаниялардың 4 (төрт) директорлар кеңесіне мүшелігінің болмауы назарға алынады.

### 3. Қоғамның ДК-не:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын оны мәжбүрлеп тарату, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, консервациялау немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейінгі бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның ДК төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп тарату, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, консервациялау немесе банкрот деп тану туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

3) сот меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп таныған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтар немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған. Көрсетілген талап заңда белгіленген тәртіппен өтелген не алынған, сотталғандығы не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде де қолданылады;

4) жоғары білімі жоқ;

5) заңнамаға сәйкес ДК мүшесінің міндеттерін орындауға кедергі келтіретін өзге де қасиеттерге ие тұлға тәуелсіз директор болып сайланбайды.

### 3-тарау. Іздеу тәртібі, конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және өткізу

4. Үміткерлерді іздеу, іріктеу және сайлау тәртібі келесі кезеңдерден тұрады:

1) ДК құрамына тәуелсіз директорларды іріктеу қажеттілігін айқындау;

2) конкурстық іріктеу;

3) кандидаттарды Жалғыз акционердің қарауы және сайлауы.

4. ДК құрамына тәуелсіз директорларды іріктеу қажеттілігі мынадай жағдайларда айқындалады:

1) ДК мүшесінің өкілеттігі оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған;

2) Жалғыз акционердің шешімі бойынша ДК-нің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған;

3) ДК өкілеттік мерзімінің өтуі.

5. Қоғам Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетін (бұдан әрі – Комитет) Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директорды іздестіру мен іріктеуде туындаған қажеттілік туралы хабардар етеді.

6. Қоғамның ДК тәуелсіз директорларын сайлау конкурстық іріктеу (бұдан әрі – Іріктеу) негізінде жүзеге асырылады.

7. Іріктеу келесі кезеңдерден тұрады:

1) іріктеуді өткізу туралы хабарландыру (Комитеттің интернет-ресурсында жариялау);

2) іріктеуді өткізу шарттарын, күнін және орнын айқындау;

3) Қоғамның тәуелсіз директорларын іріктеу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) кандидаттардың осы іріктеуде көзделген талаптарға сәйкестігіне құжаттарын қарауы;

4) кандидаттармен әңгімелесу;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры ретінде іріктеуге қатысушыны (ларды) тағайындау туралы Комиссияның ұсынымы.

8. Іріктеуді ұйымдастыруды және өткізуді Комитеттің бұйрығымен құрылатын Комиссия жүзеге асырады.

Комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрауы тиіс.

Комиссия төрағасы лауазымы бойынша Комитеттің бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес адам болып табылады. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын оны алмастыратын адам орындайды.

Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

9. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) іріктеуді өткізу туралы хабарландыруды жариялауды қамтамасыз етеді;

2) іріктеуге қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдайды, тіркейді және сақтайды;

3) қатысушыны бағалау нәтижелері бойынша Комиссия оның кандидатурасын сайлауға, қабылдауға ұсынымы туралы шешім қабылдайды.

10. Комиссия отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оған қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасы немесе оны алмастыратын адам дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

11. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, осы Комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікірге құқығы бар, ол жазбаша түрде жазылуы және Комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс. Өндірістік немесе басқа себептер бойынша комиссияның қандай да бір мүшесі болмаған жағдайда Комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі және осы фактіні растайтын құжатқа

*А.А.А.А.А.*

сілтеме көрсетіледі.

12. Егер белгіленген күні және уақытта Комиссия отырысы кворумның болмауы себебінен өтпеген жағдайда, Комиссия хатшысы конкурсқа ұсынылған конверттердің сақталуын қамтамасыз етеді және Комиссия отырысының күні мен уақыты туралы жарияланған мерзімнен 2 жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды. Бұл ретте жаңадан берілген өтінімдер қабылданбайды.

13. Егер хатшы жариялаған уақытта Комиссия мүшелерінің қажетті саны болмаған жағдайда, 24 сағат өткеннен кейін Комитет ауыстырудың себебін көрсете отырып, Комиссия құрамына Комиссияның жоқ мүшелерін ауыстыру бөлігінде тиісті шешіммен өзгерістер енгізеді.

14. Іріктеуді өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) іріктеуге қатысуға ниет білдірген адамдардың құжаттарды берген күні, уақыты және орны;

2) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген Қоғамның атауы;

3) кандидаттарға қойылатын талаптар;

4) іріктеуге қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі;

5) іріктеуге қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі;

6) құжаттарды қабылдаудың басталу күні.

Іріктеуге қатысуға ниет білдірген адамдардың құжаттарын қабылдаудың басталу күні іріктеуді өткізу туралы хабарландыру Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылған күннен бастап айқындалады.

Құжаттарды қабылдау Комитеттің интернет-ресурсында іріктеу өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң аяқталады.

15. Іріктеуге қатысуға қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысу туралы өтініш;

2) кандидаттың түйіндемесі;

3) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;


6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар;

7) оның білім және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелігін растайтын құжаттар (бар болса);

8) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған кандидат туралы мәліметтер.

Іріктеуге қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

16. Іріктеуге қатысушы (кандидат) Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттарды (бұдан әрі – Құжаттар), конвертке оны: «Кандидат \_\_\_\_\_-тың(тің) (-ның; нің) (аты-жөні) «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы»



акционерлік қоғамының тәуелсіз директорын іріктеуге қатысуға арналған материалдары» деп белгілеп, Комитеттің хабарламада көрсетілген мекен-жайына немесе электрондық поштасына ұсынады/қолма-қол жібереді немесе «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының тәуелсіз директорын іріктеуге қатысу бойынша көрсетілген белгілерімен Комитеттің интернет-ресурсындағы хабарландыруда көрсетілген электрондық поштасына жібереді.

17. Іріктеуге қатысушы (кандидат) құжаттарды қолма-қол ұсынған кезде (не құжаттарды Комитетке жіберген кезде) осы конвертте қатысушының (кандидаттың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекен-жайы көрсетіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылған хабарландыруда көрсетілген мекен-жай бойынша Комитетке жіберілуге тиіс;

2) «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын іріктеу» деген сөздерді қамтуы қажет.

Іріктеуге қатысушы (кандидат) өтінімді құжаттармен бірге іріктеуге қатысушының электрондық поштасына жіберген кезде (кандидат) олардың дұрыстығына, сондай-ақ ұсынылатын құжаттар түрінің сапасына жауапты болады.

Бұл ретте Комиссия құжаттардың сапасы төмен: оқылмайтын, бұлыңғыр не толық сканерленбеген құжаттарды ұсынған қатысушының өтінімін қабылдамауға құқылы. Қажет болған жағдайда Комиссия көшірмесімен салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын сұратуға құқылы.

18. Комиссия хатшысы ұсынылған құжаттары бар конверттерді ашады, қолма-қол және электрондық түрде келіп түскен өтінімдер бойынша тізілімді қалыптастырады, сондай-ақ комиссия төрағасының келісімі бойынша комиссия мүшелеріне келіп түскен өтінімдер, кандидаттардан келіп түскен барлық материалдар жіберіле отырып, комиссия отырысының күні, уақыты мен орны туралы хабарлайды. Құжаттарды жоғалту және ақпаратты жасыру/бұрмалау, құжаттарды сақтау бойынша комиссия хатшысы жауапты болады.

19. Егер іріктеуге қатысу үшін біліктілік талаптарына сәйкес келетін екі кандидаттан аз конкурстық өтінімдер ұсынылса не өтінімдер келіп түспесе немесе кері қайтарып алынса, онда Комиссия іріктеуді өткізілмеді деп танып, қайта іріктеуді өткізу туралы шешім қабылдайды.

Қайта іріктеу барысында екіден аз өтінім түскен жағдайда Комиссия жалғыз кандидаттың құжаттарын қарауға және тиісті шешім қабылдауға құқылы.

20. Комиссия қатысушы ұсынған құжаттарды қарайды, біліктілік талаптарына сәйкес келетін кандидаттарды алдын ала мақұлдайды, түпкілікті шешім қабылдау үшін комиссия мүшелері алдын ала мақұлдаған кандидаттарды шақырумен және олардың қатысуымен бағалау жүргізеді.

Комиссияның құжаттарды қарауының жалпы мерзімі Комиссия хатшысы келіп түскен өтінімдердің тізілімін қалыптастырған және Комиссия мүшелеріне жібергеннен кейінгі күннен бастап он күннен аспайды.

21. Комиссия іріктеуге қатысушылармен (кандидаттармен) әңгімелесу өткізген кезде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын,

*Ж.Мұсағалиев*

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодекстері, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі, Қоғамның Жарғысы, Қоғамның корпоративтік басқару кодексін білуі тексеріледі.

Іріктеуге қатысатын және әңгімелесуге жіберілген қатысушылармен әңгімелесу қажет болған жағдайда техникалық байланыс құралдары арқылы жүргізілуі мүмкін.

22. Комиссия отырысының хаттамасына қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ комиссия хатшысы қол қояды.

23. Іріктеуді өткізудің жалпы мерзімі оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап екі айдан аспайды.

24. Іріктеуден өтпеді деп тану туралы шешімді Комиссия мынадай жағдайларда қабылдайды:

1) біліктілік талаптарын қанағаттандыратын екі кандидаттан кем конкурстық өтінімдер ұсынылғанда немесе ұсынылған өтінімдер кері қайтарылғанда;

2) іріктеуге қатысушылардың құжаттарын қарау нәтижесінде әңгімелесуге жіберілген қатысушы анықталмаса немесе Қоғамның ДК тәуелсіз директоры ретінде сайлауға ұсыным алған қатысушы анықталмаса.

25. Комиссия іріктеуді өтпеді деп таныған жағдайда, Комитет қайта іріктеуді өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

26. Комиссия отырысының хаттамасы негізінде Комитет келісу үшін Комиссия ұсынған қатысушылармен Қоғамның ДК мүшелерін тәуелсіз директорлар ретінде сайлау туралы шешімнің жобасын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

27. Конкурсқа қатысушыларға кері байланысты комиссия хатшысы электрондық пошта/телефон/өзге де техникалық мүмкіндіктер арқылы ұсынады.



**I. Қоғамның Директорлар кеңесіне тәуелсіз директор болып сайлану үшін  
Кандидат мынадай талаптарды қанағаттандыруы тиіс:**

1) Қоғамның үлестес тұлғасы және ол директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде (Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) үлестес тұлға болып табылмаса;

3) Қоғамның лауазымды адамдарымен немесе Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына – ұйымдарына бағынышты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 (үш) жыл ішінде осы тұлғаларға бағынбайды;

5) Қоғамның аудитору емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 (үш) жыл ішінде ол аудитор болған емес;

б) аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспайды және оның Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

2. Халықаралық сертификаттардың немесе басқару (менеджмент) саласында қосымша білімнің болуын қоса алғанда, жоғары білімі (және/немесе «магистр» дәрежесі) бар. Өзге де тең жағдайларда Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес келетін салада немесе қаржы немесе басқару (менеджмент) саласында білімі бар кандидаттарға артықшылық берілуі тиіс.

3. Компанияларда жұмыс тәжірибесі бар, оның ішінде: ұйымның тиісті бейінінде экономикалық қызмет түріндегі мамандық бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы немесе лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда, оның ішінде жеке секторда, қаржылық есептілікті дайындау, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласында, компанияларда жұмыс өтілінің, білім және ғылым саласында немесе Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес келетін листингілік / жария компанияларда және басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

4. Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде кемінде 1 жыл жұмыс тәжірибесі бар.

5. Тәуелсіз директордың функционалдық міндеттеріне, Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелікке байланысты белгілі бір салаларда арнайы дағдылары, жеткілікті дамыған коммуникативтік дағдылары бар, жұмыста ашықтық, объективтілік, конструктивтілік және кәсібилік қағидаттарын негізге алады.

Директор -

6. Қоғаммен жасалатын операциялардың көлемі мен сипатына ұқсас ұйымға тән негізгі мәселелер бойынша тиісті құзыреттерге ие болуға, оның ішінде түсіністік танытуға тиіс:

1) реттеушілік міндеттемелер;

2) ұлттық және халықаралық нарықтардағы бәсекелестік орта;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің тиісті комитетіне мүшелік кезінде сараптамалық пікірді қамтамасыз ету үшін корпоративтік қаржы, аудит және ішкі бақылау, стратегия және/немесе тағайындау және/немесе сыйақы мәселелері саласындағы ерекшеліктер.

7. Ұсынылған ақпаратты жан-жақты талдауға және объективті бағалауға және заңдылық, әділеттілік және барлық акционерлерге тең көзқарас қағидаттары негізінде мәселе бойынша тәуелсіз ұстанымды қалыптастыруға қабілетті. Үміткер көпшіліктің пікірінен өзгеше болса да, өз пікірін білдіруге және оны ұстануға қабілетті.

8. Іскерлік және/немесе салалық ортада мінсіз беделге/оң жетістіктерге ие, жоғары этикалық нормаларды ұстанады. Кандидаттың өмірбаянында экономикалық қызмет саласында қылмыс жасау, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметте әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілері жоқ.

9. Директорлар кеңесінің жұмысына қатысу үшін Директорлар кеңесінің отырыстары кезінде ғана емес, сонымен қатар директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды тиісінше зерделеу үшін жеткілікті уақыты бар.

10. Тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болмауы.

11. Басқа компаниялардың 4-тен (төрттен) аса директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

## **II. Тәуелсіз директорға кандидат бола алмайды:**

1. Бұрын мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін 1 (бір) жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері лауазымын атқарған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар.

3. Директорлар кеңесінде жұмыс істеуден басқа, акцияларға иелік ететін акционерлермен, Басқарма мүшелерімен қоғаммен қандай да бір қатынастармен байланысты.

4. Бәсекелес ұйымның лауазымды адамы немесе қызметкері болып табылса.

«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-  
техникалық сараптама орталығы»  
акционерлік қоғамының Тәуелсіз  
директорларын конкурстық іріктеу  
қағидаларына 2-қосымша

### Өтініш

Осы өтініш арқылы «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшелігіне тәуелсіз директор ретінде сайлануға өз келісімімді растаймын. Сондай-ақ, көрсетілген «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтынымды және соңғы үш жыл ішінде үлестес болмағанымды, аталған «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының аффилиирленген тұлғаларымен – «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының үлестес тұлғаларымен аффилиирленген тұлға болып табылмайтынымды және олардың лауазымды тұлғаларына бағынышты емес екенімді; осы «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының аудиторы еместігімді және соңғы үш жыл ішінде аудиторы болмағанымды, аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының аудитіне қатыспағанымды және соңғы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатысқан еместігімді растаймын.


\_\_\_\_\_ (қолы)  
\_\_\_\_\_ (толық аты-жөні)

Күні

\_\_\_\_\_ 202\_\_ ж.

«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының  
Тәуелсіз директорларын конкурстық іріктеу  
қағидаларына 3-қосымша

**«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама  
орталығы»  
акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры лауазымына  
кандидат туралы мәліметтер**



**1. Жалпы мәліметтер:**

|                                                         |  |
|---------------------------------------------------------|--|
| Тегі, аты, әкесінің аты                                 |  |
| Туған жері және жылы                                    |  |
| Тұрақты тұратын жері,<br>телефон нөмірінің<br>мекенжайы |  |
| Азаматтығы                                              |  |
| Куәландыратын құжаттың<br>толық деректемелері<br>тұлға  |  |

**2. Үлестестігі туралы мәліметтер:**

Жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы, ағасы, әпкесі, балалары), сондай-ақ  
туыстары (ағасы, әпкесі, ата-анасы, жұбайының балалары) туралы мәліметтер

| № | Толық аты-жөні | Күні, айы,<br>Туған жылы | Тұстық<br>байланыстары | Жұмыс орны,<br>қызметі |
|---|----------------|--------------------------|------------------------|------------------------|
| 1 |                |                          |                        |                        |
| 2 |                |                          |                        |                        |
| 3 |                |                          |                        |                        |
| 4 |                |                          |                        |                        |
| 5 |                |                          |                        |                        |
| 6 |                |                          |                        |                        |
| 7 |                |                          |                        |                        |


*А. Мұсағалиев*

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысу туралы мәліметтер:

| №№ | Заңды тұлғаның атауы, БСН | Қызмет түрі | Жарғылық капиталдағы сома мен үлестер |
|----|---------------------------|-------------|---------------------------------------|
| 1  | .                         |             |                                       |
| 2  |                           |             |                                       |

## 2. Кәсіби деректер

|                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                             |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Білімі, оның ішінде жұмыс бейініне сәйкес келетін кәсіптік білім                                                                                                                  |                                                                                                                             |
| Қосымша білім, оның ішінде жұмыс істейтін салада біліктілікті арттыру курстары, ғылыми дәрежелер                                                                                  |                                                                                                                             |
| Қаржы қызметтерін ұсыну және(немесе) реттеу саласындағы, оның ішінде жұмыс істеуге ниетті саладағы жұмыс тәжірибесі (ішкі аудит қызметінің басшылары, бас бухгалтерлер толтырады) | (ішкі аудит қызметінің басшылары, бас бухгалтерлер толтырады)                                                               |
| Жұмыс істеуге ниет білдірген саладағы басшылық лауазымдағы жұмыс тәжірибесі                                                                                                       | (қаржы ұйымдарында жұмыс істеген жылдарының санын, қызмет түрлері бойынша аудитор, бухгалтер лауазымына орналасуын көрсету) |
| Директорлар Кеңесі құрамындағы жұмыс тәжірибесі                                                                                                                                   | (қолда бар жұмыс тәжірибесін сипаттау: лауазымдық міндеттері, кәсіби дағдылары)                                             |



|                                                           |  |
|-----------------------------------------------------------|--|
| Тілдерді білу                                             |  |
| Қоғам қызметінің бейініне ұқсас бизнесті білу             |  |
| Шетелдегі жұмыс тәжірибесі                                |  |
| Тәуелсіз директордың жұмысына уақыт бөлу мүмкіндігі       |  |
| Листингтен өткен/ өтетін компаниялардағы жұмыс тәжірибесі |  |
| Директорлар кеңесінің комитетін басқару мүмкіндігі        |  |
| Қол жеткізген жетістіктері                                |  |
| Кәсіби ұйымдарға мүшелік                                  |  |
| Осы мәселеге қатысты басқа ақпарат                        |  |

2. Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

| № | Жұмыс кезеңі (айы, жылы) | Ұйымның атауы, атқаратын лауазымдары мен лауазымдық міндеттері, ұйымның координаттары |
|---|--------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 |                          |                                                                                       |
| 2 |                          |                                                                                       |
| 3 |                          |                                                                                       |
| 4 |                          |                                                                                       |
| 5 |                          |                                                                                       |
| 6 |                          |                                                                                       |
| 7 |                          |                                                                                       |

2. Басқа мәліметтер:

Экономикалық қызмет саласында жасалған қылмыстар үшін, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар үшін Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған

*Мурсаев*

|                                                                                                                                                                      |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| соттылығының болуы                                                                                                                                                   |  |
| Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттету туралы деректердің болуы                                                 |  |
| Бұрын банкрот деп танылған не оған қатысты акцияларды мәжбүрлеп тарату, консервациялау, мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған ұйымның басшы қызметкері болған |  |
| Осы мәселеге қатысты басқа ақпарат                                                                                                                                   |  |

Мен, \_\_\_\_\_, осы ақпаратты мұқият тексергенімді және сенімді және толық екенін растаймын және мен ұсынған дұрыс емес мәліметтердің болуы менің тағайындалуыма (сайлануыма) келісімді қайта қарауға (кері қайтарып алуға) негіз болып табылатынын мойындаймын.

(қолы, күні)

\_\_\_\_\_

*А.Мурсағалиев*